



### ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨЗАРА САУДАСЫНДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕРДІ АЛЫП ТАСТАУДА



**Қазақстан мен Ресей Премьер-Министрлерінің орынбасарлары Серік Жұманғарин мен Алексей Оверчук екіжақты сауданың өзекті мәселелерін талқылады.**

Күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелер – өзара саудадағы бірқатар шектеулерді алып тастау және Ресей-Беларусь шекарасында қазақстандық тасымалдаушыларды өткізу болып отыр. Тараптар ресейлік шошқа етінің Ресей Федерациясынан Қазақстан арқылы өтетін транзитінің ашылуына және 2024 жылғы 15 қаңтардан бастап Ресей Федерациясына қазақстандық мал шаруашылығы өнімдерін жеткізуге қойылған шектеулердің алынуын оң бағалады. Қазір екі тарап та ветеринариядағы күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелердің интеграциялауына бет бұрып отыр. Ресей тарапы Қазақстанға

Ресейдің сауда желілеріне тауық жұмыртқаларын жеткізуді арттыру туралы өтініш жасады. Серік Жұманғарин ауыл шаруашылығы министріне аталған мәселені қысқа мерзімде қарауды және қазақстандық өнімді Ресей Федерациясының шекаралас аймақтарына жеткізуді арттыру мүмкіндігін іздеуді тапсырды. Сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерінде шешім қабылдауда ікемділік қажет екенін атап өтті.

Қазақстанда отандық құс фабрикаларының жұмыртқамен қамтамасыз ету деңгейі 2022 жылы халық қажеттілігінің 102%-ын құрады. 2023 жылдың 11 айында Қазақстан Ресейге, Ауғанстанға және Қырғызстанға шамамен 186,6 млн дана тауық жұмыртқасын экспорттағанын айта кеткен жөн.

2023 жылғы 26 қаңтарға жоспарланған ЕЭК Кеңесінің отырысы қарсаңында тараптар Ресей-Беларусь шекарасындағы

қазақстандық жүк көліктерінің кешігу жағдайын реттеу үшін Мәскеуде кеңейтілген құрамда тағы бір екіжақты кездесу өткізуге келісті.

Белгілі болғандай, 2023 жылдың 12 желтоқсанында Ресей мен Беларусь азаматтары болып табылмайтын азаматтар үшін «Рудня» өткізу бекетіндегі өткел толығымен жабылды, ал 2024 жылдың 8 қаңтарында осы аталған шектеу қалған екі «Қызыл» және «Қызыл тас» өткізу бекеттеріне де таралды.

Бүгінгі таңда Ресей тарапының көмегімен Ресей-Беларусь шекарасындағы жағдай басқа өткізу пункті арқылы жүк ағындарын қайта бағыттауға мүмкіндік берді. Көліктердің негізгі бөлігі шекарадан өтіп үлгерді. Навигациялық пломбаларды электронды түрде рәсімдеуді қажет ететін жүктермен қиындықтар туындады.

Тараптар жағдайды тезірек шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға келісті. Келіссөздер ЕЭК Кеңесінің отырысы қарсаңында екіжақты кездесу шеңберінде жалғасатын болады.

primeminister.kz

### ҚАЗАҚСТАН 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫҢ ҮЛЕСІН 20%-ҒА ДЕЙІН АРТТЫРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР



**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электрондық сауданы одан әрі дамыту мәселелері қаралды.**

Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиев электрондық сауда жаһандық экономикалық өсудің жаңа драйверлеріне айналғанын атап өтті. 2022 жылғы қорытынды бойынша елімізде электрондық сауданың үлесі – 12,5%-ды құрады, бұл шамамен екі трлн теңге. Бұл ретте өткен жылдың 11 айында электрондық сауда көлемі шамамен 2,2 трлн теңгені құрап, бөлшек көлемінен 13%-ға дейін өсті.

Қазақстандықтар негізінен интернет арқылы тұрмыстық заттар, киім-кешек пен аяқ киім, азық-түлік, косметика және дәрі-дәрмектер сатып алады.

Сонымен қатар Министрліктің алдында электрондық сауданың үлесін 2030 жылға қарай 20%-ға дейін жеткізу міндеті тұр. Аталған жұмыс шеңберінде танымал маркетплейстерде отандық өндіріс тауарларының ұсынылуын кеңейту, қойма және логистикалық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жиын барысында электрондық сауда нарығы өкілдерінің пікірлері де тыңдалды. Мәселен, «Қазпочта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасова пошта операторының қызметі туралы баяндаса, отандық интернет-дүкеннің жұмыс тәжірибесі туралы Алуа Көрпебаева айтып берді.

Премьер-Министр атап өткендей, қазіргі таңда өлемдерінде электрондық сауда нарығы тоқтаусыз дамып келеді. 2025 жылға қарай әлемдегі интернет-сауданың үлесі бөлшек саудадан 25%-ға асып түседі деп күтілуде.

Үкімет басшысының айтуынша, бұған онлайн және офлайн-дүкендердің бизнес-процесстерінің өзгеруі, өнімді орналастыру мен жарнамалаудың жаңа форматтары ықпал етіп отыр. Мұның барлығы сатып алушыларды кеңінен тартуға мүмкіндік береді әрі олардың уақытын үнемдейді.

Қазақстанда 2023 жылы е-коммерция көлемі 2,2 трлн теңгеден асып, барлық бөлшек сауданың 13%-ын құрады.

Біздегі нарықтың ауқымды бөлігі шетелдік интернет-алаңдарға тиесілі.

«Осы мүмкіндікті өз өнімдерімізді әлемдік нарықта өткізудің қосымша каналы ретінде пайдалануымыз керек. Сонымен қатар отандық онлайн-дүкендерді де дамыту қажет. Ол үшін төлем жүйелерінің, көлік-логистика инфрақұрылымының және курьерлік қызметтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету керек», — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр ұтты н ұшты л а р д ы н құқықтарын қорғау да маңызды мәселе екенін атап өтті. Бұл мәселені шешу үшін қажетті түзетулер әзірленіп, олар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң жобасына енгізілді. Аталған қазір Парламент қарауында және жақын арада қабылданады деп күтеміз.

Үкімет басшысының пікірінше, халықпен қатар, бизнестің де цифрлық сауаттылығын арттыру қажет.

«Бұған электрондық коммерцияға оқыту орталықтары ішінара ықпал етеді», — деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр бір ай мерзімде отандық онлайн-дүкендерді дамыту және отандық тауар өндірушілерді шетелдік интернет-алаңдарға шығару үшін тиімді шешімдерді әзірлеуді тапсырды.

«Бізге өзіміздің бондтық қоймаларымыз қажет. Олар тауарларды еліміздегі сатып алушыларға, сол сияқты шетелдіктерге жеткізу процесін оңайлатуға мүмкіндік берер еді. Сондықтан, Сауда министрілігі «Қазпочтамен» бірлесіп, биыл Астана, Алматы және Шымкент қалаларында бондтық қоймалардың құрылысын бастауды қамтамасыз етуі тиіс», — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы наурыз айының соңына дейін Ақтауда контейнерлік хабты және Құрық портында электрондық сауданың толыққанды логистика орталығын құруға кірісуі қажет екенін айтты.

«Бұл Транскаспий халықаралық көлік маршрутын дамыту аясында да маңызды болады», — деп тұйіндеді сөзін Премьер-Министр.

primeminister.kz

### ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯНЫ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫ

Шағын және орта бизнес субъектілеріне кешенді мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында еліміздің барлық өңірлерінде электронды коммерцияны оқыту орталықтары ашылады. Бүгінде мұндай оқыту орталықтары батыс өңіріндегі төрт аймақта іске қосылды. Бұл туралы ҚР Үкіметі отырысында сауда және интеграция министрі Арман Шақалиев мәлімдеді.

Жаһандық электрондық сауда нарығы озық қарқынмен өсуде. Электрондық сауда жан-жақты дамуға ықпал ете отырып, Әлемдік экономикалық өсудің жаңа драйверіне айналды.

Халықаралық сарапшылардың болжамы бойынша 2026 жылға қарай B2C әлемдік электрондық нарығы – \$8,2 трлн-ды құрайды. Олардың бағалауы бойынша, 2022 жылы бұл көрсеткіш \$5,7 трлн-ды құрады. 2022 жылғы қорытынды бойынша Қазақстанда электрондық сауданың үлесі – 12,5%-ды құрады, бұл шамамен 2 трлн теңге. Интернет арқылы өткізілген негізгі тауарлар: үй тауарлары, киім және аяқ киім, тамақ өнімдері, косметика, дәрі-дәрмектер.

Арман Шақалиевтің айтуынша, 2022 жылдың қорытындысына сәйкес электрондық сауда қызметтер нарығының көлемі 1,2 трлн теңгені құраған, оның 50,3 %-ы жолаушыларды тасымалдау қызметіне тиесілі.

Өткен жылдың 11 айында электрондық сауда көлемі шамамен 2,2 трлн теңгені немесе бөлшек көлемінен 13%-ды құрады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған электрондық сауда үлесі 13,2%-ды құрауы тиіс.

қ а м т а м а с ы з ету мақсатында түзетулер әзірленіп, қазіргі таңда осы заң жобасы Парламент Мәжілісінде қаралуда», — деп мәлімдеді министр.

Келтірілген ақпаратқа сүйенсек, электрондық коммерция мектебі жобасы іске асырылып, оның шеңберінде 2 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектілері оқыту курсынан өткен. Маркетплейстерде отандық өндіріс тауарларының ұсынылуын кеңейтуге ерекше назар аударылады.

Бүгінде Clever Market маркетплейсінің басты парақшаларында отандық өнімге баннер шығарылды, алдымен қазақстандық өнімді іздеу нәтижелерін шығаруда басымдық берілді. Қытайлық Alibaba және JD.com ірі маркетплейстерінде ұлттық павильондар ашылды. Бүгінгі таңда Alibaba-да 7500 тауар, JD.com-да тауарлардың отыз түрі ұсынылған, осы платформаға 1,5 млн-нан астам қазақстандық қызығушылық танытып отыр.

Қазақстанда екі ірі ресейлік маркетплейстер – Ozon және Вайлдберриз жұмыс істейді. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша Ozon алаңында тіркелген қазақстандық сатушылардың саны – 45400, Вайлдберриз алаңында – 55704. Ozon маркетплейсі екі фулфилмент-сұрыптау орталығын іске қосты, барлық қалаларда 1189 тапсырысты жеткізу пункті ашылды. Вайлдберриз маркетплейсі жалпы ау-



даны 29600 шаршы метрді құрайтын алты логистикалық орталық және 621 тапсырысты жеткізу пункті ашылды, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында екі фулфилмент орталығын салуы жоспарлануда. Өзбекстан және Тәжікстан Республикаларының профилейді министрліктерімен меморандумға қол қойылды.

«Өткен жылдың қыркүйек айында Алматыда алты елден 300-ден астам қатысушының атсалысуымен Бірінші Орталық Азия электрондық коммерция форумы өтті. Былтыр Орталық Азия елдерінің бірыңғай платформасы Central Asia Gateway іске қосылды. Ол Абу-Даби қаласында өткен Дүниежүзілік инвестициялық форум аясында «Үздік сауда ақпараттық порталы» номинациясы



# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ

## Ескелді аудандық мәслихаты шешімінің жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

P/c №	Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы.	«Ескелді ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі
2	Туісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес.
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (туісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі).	жоқ
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы.	жоқ
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.	жоқ
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.	жоқ
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны).	03.01.2024 жыл 04.01.2024 жыл 16 КБ
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны үкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат.	жоқ
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.	жоқ
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері.	жоқ

С.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,  
«Ескелді ауданының кәсіпкерлік бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ

ЖОБА

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ескелді ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - га төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Лауазымы Т.А.Ө

# ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨҢІРЛЕРІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ КОММЕРЦИЯНЫ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫ

бойынша Digital Government Awards жеңімпазы атанды», — деді Арман Шаққалиев.

Өткен жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарлардың электронды саудасын жүзеге асыратын, жеке тұлғалардың электронды түрде қызмет көрсетумен айналысатын шетелдік компаниялар үшін Google салығы (импорт салығы) деп аталатын салық енгізілді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша алпыс шетелдік компания тіркелген, олардың төлеген салық сомасы 34,8 млрд теңгені құрады (2022 ж. – 16,4 млрд.тг, 2023ж. – 18,4 млрд.тг).

Электрондық сауданы дамыту шарттарының бірі – қоймалық және логистикалық инфрақұрылымның болуы. Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде 2024 жылдың соңына дейін трансшекаралық электронды сауданы ынталандыру үшін Қытай тарапымен бірлесіп Қазақстанда өңірлік қойма инфрақұрылымын құру мәселесін пысықтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Ақтөбе және Ақтау қалаларында фулфилмент орталықтары мен бонд қоймалары желісін дамыту жалғастырылатын болады. Бонд қоймаларын ашу Қытайдан Еуропаға және кері бағытта тауарларды одан әрі транзиттеу үшін ірі шетелдік маркетингтік тауарларын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл шетелдік тауарларды қазақстандық сатып алушыларға жеткізу уақытын алпыс

стан жеті күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлерге маркетингтік жобаларды қалай тіркелуді, тауарды қалай сатуды және логистиканы құруды үйретеді. Егер экспорттық әлеует болса, онда мұнда контрапартнер іздеуден бастап сақтандыру және қаржылық шараларды қоса алғанда, көлік шығындарын өтеуге дейінгі Қазтрейд және ҚазақЭкспорт құралдары қосылады.

«Халықаралық ұйымдар шеңберінде жұмыс жалғасатын болады. Электрондық сауду арқылы басқа елдермен тауар айналымын жыл сайын \$100 млн-нан аса ұлғайтуды көздеп отырмыз. «Nomads of Central Asia» брендінің қол-өнер сияқты тауарларын бірлесіп іске асыру үшін Орталық Азиямен бірге ірі әлемдік маркетингтік компаниялармен бірлесіп істейтін диалог алаңы іске қосылды», — деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, бұл электрондық сауданы дамытуға қолайлы жағдайлар жасау жөнінде жедел, ең бастысы тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Жалпы, жоғарыда аталған бастамалар электрондық сауданы дамытуға өз үлесін қосады және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге жол ашады.

primeminister.kz

## «АУДАНДЫҚ ІЛИЯС ОҚУЛАРЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ



Халқымыздың ежелден құт-береке дарыған, ақындар мен батырлардың мекені Жетісудың перзенті – Ілиястың жан дүниесі жас кезінен ән мен жырды, күй мен әуенді ұялатты. Ілияс Жансүгіров нағыз жан-жақты дарын иесі. Ол – қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шыққан, қазақ әдебиет өнерінде өшпес із қалдырған үлкен қаламгер. Өз халқының әдебиетінің іргесін қалап қана қоймай, оның өміршеңдігін нақты өлмес туындыларымен байытқан талантты суреткер. Қазақ жеріндегі аласапыран төңкеріске дейін, негізінде, ауыз әдебиеті ғана дамыған қазақ даласында поэзияның, прозаның, драматургияның, аударма, балалар әдебиеті мен журналистиканың тамаша үлгілерінің дүниеге келуіне өзіндік үлес қосқан жаңашыл қаламгер екені бәрімізге мәлім. Осы орайда 12 қаңтар күні, Ескелді ауданы, Т. Рүстембеков атындағы орта мектеп қабырғасында аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарын іске асыру және мектеп оқушылары арасында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау, поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіретін жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге баулу мақсатында «Аудандық Ілияс оқулары» байқауы өтті. Байқауға ауданымыздың негізгі және орта мектептерінен 24 оқушы қатысып шығармашылықтарын шыңдады. Байқау барысында оқушылар өлеңді мәнерлеп оқи алатынын, поэзияны сүйетіндігін көрсете білді. Ереже бойынша қатысушылар Ілияс Жансүгіровтың «Күй» және «Күйші» поэмаларын эстафета бойынша жатқа оқудан сынға түсті. Әр білім ошағынан келген оқушылардың өз өнерлерін ортаға салып, оқу мәнерін, сахналық шеберлігімен көзге түсті, оқушылардың тілінің тазалығы, сахна мәдениеті, мүдірмей жатқа айтуына, көркем оқуына аса мән берді.

Сайыстың қорытындысы бойынша арнайы жеңімпаздар үшін тағайындалған үш жүлденің I орынын орта мектептер арасында С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің оқушысы Төлегенова Маржан иеленіп, облыстық кезеңде бақ сынауға іріктелсе, II орынды Б.Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің оқушысы Ардақызы Құндыз, ал III орынды Байысов атындағы орта мектебінің оқушысы Қызырәлі Ұлыс иеленді. «Сәтті қадам» номинация иегері Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің оқушысы Хуандағқызы Назым. Негізгі орта мектептер арасында I орын Мелькомбинат негізгі мектебінің оқушысы Адилжан Досымжан иеленді. Жеңімпаздарымызды құттықтаймыз!!!

Б.МУХАМЕТЖАНОВА  
Аудандық білім бөлімінің әдіскері



# ТІЛ- ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ



қазақ халқының ұрпақтары ғана емес, бүкіл Қазақстан елінде өмір сүріп жатқан адамдар үлес қосуы керек.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңында, мемлекеттік тілді дамыту және оның қолдану аясын кеңейтуге арналған мемлекеттік бағдарламалар баса айтылған. Бүгінгі таңда мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, мерейін тасыту жолында егемен елімізде іргелі істер атқарылуда. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін артыру жолында мемлекеттік қызметте ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанына куә болып келеміз. Ең бастысы қазіргі кезде барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар іс қазақдарды негізінен мемлекеттік тілде жүргізуге көшкен. Оның ішінде сот жүйесі де бар.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін артыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Осы ретте сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысының мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқаталап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарыммен белгіленеді. Өкінішке орай, сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісін тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге

жол беріліп келе жатқаны құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергелі-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды да кездестіреміз. Оны әсіресе процес кезінде анықтап жатамыз. Демек, мұндай кемшіліктерді түзетіп мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырғымыз келсе, бірінші кезекте қарапайым халықтың құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар өздерінің конституциялық құқықтарын пайдаланып, сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде арыз беруіне, жауап беруіне құқығы бар екенін бастапқы тергеу амалдары кезіне түсіндіріліп, қалаған тілін толық пайдаланып, заңның бұрмалауына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін өсіру жолында жауапкершілік болмаса, қолға алған істеріміздің нақты мақсатқа жетуімізге айтарлықтай кедергі келтіреді. «Тіл тұғыры – ұлт тұғыры» екенін естен шығармау қажет.

Гульжазира САДАБАЕВА  
Ескелді аудандық сотының төрағасы

**XX ғасырдың басында ғұлама-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп айтқан. Тілсіз ұлт болмайды. Тілімізді сақтау, құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді. Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімді үлесімізбен толығы мүлдем қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз.**

Конституцияның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі болып табылады. Қазақ елінде, қазақ жерінде, қазақ тілі - мемлекеттік өркендеу қажет, оған тек

# Жемқорлыққа жол жоқ



**ТОҚТА  
СТОП  
STOP**

Жемқорлық жайлаған жерде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі нұқсан келтіріп, беделіне де кір келтіретіні айдан анық. Бұл жағымсыз құбылыспен көпшіліктің көмегіне сүйене отырып күрес жүргізгенде ғана оның тамырына балта шабуға мол мүмкіндік туары сөзсіз. Жемқорлықпен күресу үшін әркім өзінің құқықтық сауатын ашқаны абзал. Қазіргі кезде жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыруға қатысты тәрбиелік, құқықтық шаралар қолға алынуда, жемқорлықпен күрес тек ересек адамдардың арасында емес, сонымен қатар балабақшадағы бала тәрбиесінен бастау алуы керек. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасаған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Кез келген ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрекеттері орын алуы тиіс. Жемқорлық жаулаған заманда, өз ісіне адал, әр қадамы анық, өз еліне, жеріне қалтықсыз қызмет ететін тұлғаны тәрбиелеп өсіру мектеп алдындағы үлкен жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және

сыбайлас жемқорлықты қарсы туру сияқты рухта тәрбиелеу маңызды болмақ.

Әлемнің дамыған алдыңғы қатардағы еліне кіру мақсаттарына жету үшін әлеуметтік кеселмен ымырасыз күрес жүргізіп, барық күш жігерді біріктіру қажет. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында қарсы көрсетілгендей жетістікке жету, сыбайлас жемқорлыққа тек біртұтас ағза сияқты күрескенде ғана мүмкін. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандайда бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Сронда қарапайым адамдар заң білмеудің өздерінің құқықтарын түсінбеудің салдарынан опық жеп, сыбайлас жемқорлық қылмысының құрығына іленбей аман қалып, мұндай қылмыстардың саны да азая түсер еді. Ендеше әрім санасын жаңғырта отырып, қоғам індетіне жол бермеуге, қолынан келгенше үлесің қосуға бір кісідей атсалытасын болса, істің ілгері басары сөзсіз.

Санат САРҚЫТОВ  
Ескелді аудандық сотының аға сот жасауылы

# ШКОЛЬНАЯ МЕДСЕСТРА: РОДИТЕЛИ ВСЕ БОЛЬШЕ ДОВЕРЯЮТ ШКОЛЬНОМУ ЗДРАВООХРАНЕНИЮ



Багаж умений школьных медсестер, по словам Паризат Сламбековны довольно внушительен, тем более что многие школьные медсестры ранее работали в стационарах или поликлиниках. «Мы не ставим диагноз и не назначаем лечение, но можем оценить состояние здоровья и при необходимости направить школьника к врачу. Мы знаем, как проверить зрение и слух. Прослушать легкие. Лечить незначительные травмы после падения и ожогов», — говорит Паризат. «Я очень рада, что в последнее время родители все больше доверяют школьному здравоохранению. Мы работаем с учащимися уже много лет, знаем их имена и историю болезни, и видим, как они растут».

Школьная медсестра Карабулакской средней школы -Алтынбекова Паризат Сламбековна с радостью приступила к своей повседневной работе после зимних каникул. «Преимущество профессии школьной медсестры заключается в том, что можно направлять поведение человека в сфере здоровья еще в детстве, и только в школьном здравоохранении мы можем предложить максимально личное общение», — подтверждает она.

Под руководством Паризат дети также изучают правила оказания первой помощи.

Как и многие ее коллеги, Паризат Сламбековна утверждает, что, с одной стороны, дети остаются детьми и нуждаются в любви и понимании, как и все поколения детей до них. С другой стороны, мир изменился, особенно развитие технологий, и это тоже наложило свой отпечаток на здоровье детей. «Изменения в мире нельзя повернуть вспять, но мы должны рассказать детям, как сохранить свое здоровье», — говорит Паризат. Она сразу указывает на проблемы с осанкой, которые все чаще возникают у детей из-за сидения за компьютерами и телефонами. У современных детей заметны и часто взаимосвязаны нарушения сна и трудности с концентрацией внимания. «Если вы не можете заснуть, то ваш мозг не отдыхает. Дети смотрят не телевизор или длинные фильмы, а видеоролики на компьютере или смартфоне, которые короче и фокусируются на чем-то одном в течение более короткого времени. Это последствия современной жизни и нет смысла как-то раздражаться из-за этого на детей».

Паризат объясняет школьникам, что время от времени нужно отрываться от экрана, отдыхать глазами и выпрямляться. Дети следуют этим урокам. «Я верю в свою убедительность», — улыбается школьная медсестра, — «если подойти через игру и начать пораньше, то они будут приходить за советом. Вот почему мне нравится работать школьной медсестрой».

Она счастлива, когда дети заглядывают в дверь ее кабинета и даже когда у них нет никаких проблем со здоровьем, потому что дети просто любят свою школьную медсестру.

# ӨНІРДЕ 30 ЕЛДІ МЕКЕН ДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҰРІП ЖАТЫР



Облыста 31 елді мекен газдандырылып, 319,0 мың адам, яғни 45,6% газға қол жеткізді. Жалпы өңірде 358 елді мекеннің 192-сі газдандыруға жатады.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының мәліметіне қарағанда, 2023 жылы жалпы сомасы 22,9 млрд.теңгеге газ тарату желілерін салу бойынша 22 жоба іске асырылды, соның нәтижесінде 1061 км газ тарату желілері салынды.

Сондай-ақ биыл облыстың тағы 22 елді мекенінде, атап айтқанда Көксу ауданында 12, Ескелді ауданында 7, Қаратал ауданында 2, Талдықорған қаласында 2 елді мекенде жұмыстар басталды. Жалпы 457,8 км желі салынады. Табиғи газға 27 116 адам қол жеткізе алады.

Сондай-ақ 8 өтпелі жобаға қатысты жұмыстар да жалғасып, барлығы 30 елді мекенді газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Облысты толық газдандыру жұмыстары жалғасады және бұл жұмыс жоспарға сәйкес 2030 жылы аяқталады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# ХАБАРЛАМА

Ескелді ауданының тұлғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұлғын үй инспекциясы бөлімі Мемлекеттік мекемесі 2024 жылға тұлғын үй сертификаттарын беруге 10 000 000 теңге қарастырылғанын хабарлайды. Оның ішінде: Әлеуметтік көмек ретінде тұлғын үй сертификаттарын беруге көлемінде 7 000 000 теңге бөлінді. Бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау ретінде тұлғын үй сертификаттарын беруге бюджеттік кредиттерге 3 000 000 теңге бөлінді.

Жетісу облысы бойынша тұлғын үй сертификаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілген ипотекалық бағдарламалары және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген тұлғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде ипотекалық тұлғын үй қарызын пайдалана отырып, азаматтардың жеке-леген санаттарына тұлғын үйді меншігіне сатып алу үшін бастапқы жарнасын жабуға 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден, бірақ бастапқы жарнаның көлемінен аспайтын мөлшерді құрайды.

Жетісу облыстық мәслихатының 2023 жылғы

4 қыркүйектегі № 7-44 шешіміне сәйкес Жетісу облысы бойынша тұлғын үй сертификаттарын алушылардың мөлшері мен санаттарының тізбесі айқындалды мәслихаттың тұлғын үй сертификаттары алуға құқығы бар:

1.Облыстың аудан (қала) әкімдіктерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарда еңбек қызметін жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы педагогтар;

2.Денсаулық сақтау ұйымдарындағы медицина қызметкерлері;

3.Облыс аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері;

4.Қазақстан Республикасы «Тұлғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабында көрсетілген халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілген ипотекалық бағдарламалары, Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалған тұлғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламаларына қатысуға ниет білдірген азаматтар жатады.

Кеңес алу үшін: Оразбеков көшесі 31 «Ескелді ауданының сервистік әкімшілігі» телефоны: 872836-3-09-00



# ЖЫР АРҚАУЫ – ЖҰМАТАЙ!



Жұмағұл-Шора – азан сап қойылғаны, Мейірімін шешем қосып ойындағы. «Жұматай» деп атады. Кейін қыздар, Осы атты керемет деп мойындады.

(Жұматай Жақыпбаев. Ләйлә. өлеңдер. «Атамұра» баспасы, 2002 ж.)

Иә, ақын есімін жыр сүйер қауым осылай жүректеріне сақтаса керек. Олай дейтініміз ақынның өзі жырлағандай оның есімі Жұматай деп аталып, Жұматай деп мәңгі ел есінде қалды.

Бүгінде арнау жырдың орны бөлек. Кез келген қалам ұстаған жүректердің өзінің пір тұтар адамдарына деген шынайы сүйіспеншілігі мен ыстық махаббаты әрдайым ерекшелініп, бөлектеніп тұттары анық. Ол ақынға деген, жазушыға деген құрмет! Олардың аруағына деген ізгі ілтипат. Олай болса, мен де бүгінгі тақырыбымды ақын рухына арнап, талантына тағзым етіп, есімін ел алдына қайта бір оралту еді.

Қолыма түскен бірнеше ақынның кітаптарын оқып отырып, Жұматай ақынның талланты мен талғампаздығына тәнті болмаған жыр сүйер қауым жоқтың қасы екеніне көзім жетті. Ақын жырларын сонша сүйіп, оған жүректерінен орын беріп, қаншама жырларды неге арнады екен деген сауал көкейімнен кетпей қойды. Өйткені, Жұматай ақынның жүрегінен туындаған жауһар жырлары кез келген оқырманын өзіне тартып, бірден баурап алуында. Оның өлеңдеріндегі көненің көзіндей құйылып тұрған астарлы сөздер, әсем теңеулер тізбегі жаныңды жадыратып, сезіміңе сәуле құяры хақ. Бұл да болса ақынның шеберлігі, асқан білімпаздығы.

Оның үстіне арнау жырлар мен есте қаларлық естеліктер жазу – ерте кезден-ақ орын алған дәстүр. Соның бір айғағы кешегі ақиық ақынның Мұқағали Мақатаев жайлы жазылған естеліктер мен арнау жырлар қаншама? Бұл дәстүр бүгін де жалғасын тауып, жас ұрпақпен бірге жанданып, тіптен түрленіп келеді десе, артық айтқандық емес. Бұл құптарлық жай. Біреулер арнау жыр жазу ақындыққа тән емес деген пікірлер айтады. Жо-жоқ, қайта өмірден өткен пенделердің рухын қайта жаңғырту емес пе? Олардың жақсы, асыл қасиеттерін айттып, ұрпаққа үлгі ету емес пе? Бұл жас ұрпақты шынайылыққа, адамгершілік пен адалдыққа үйретудің бір үлгісі болмақ керек. Олай болса, естеліктер мен арнау жырлар жазылуы тиіс. Сонымен негізгі тақырыбымызға көшелік.

Алғашқы қолыма тиген кітабым: «Зайда – ғұмыр» (2002 ж. «Отандастар Полиграффия» баспасы). Кітаптың авторы ақынның жатры, белгілі талантты ақын Зайда Елғодинова. Ақын жеңешеміз бұл жинағын тұтастай Жұматай ақынның рухына арнағанын баса айтқанымыз жөн. Осы кітаптың алғысөзін Қазақстанның Халық Жазушысы, ғұлама ақынымыз Хамаң – Хамит Ерғалиевпен болған «Екі дүние елшісі...» атты сұхбатымен ашыпты. Мен де бұл мақаламды сол Хаман ақынның сұхбатымен ашқанды жөн көріп отырмын. Себебі Жұматай ақынға деген Хамит ағаның берген бағасы тайға таңба басқандай көрініп тұр. Алғысөздің бір жерінде: «Маған Жұматайдың бір дастарханның басында Асқар Сүлейменов әдейі әкеліп таныстырған. Жас ақын көптеген өлеңдерін жатқа оқып, менен лебіз күткендей ерекше бір жылы жүзбен жымия қараған еді. Бірден құлап кетуді құптай бермуші едім, бұл жоқты ойланбастан: «Ақын екенсің, ақын болғанда да арқалының өзі екенсің», – деп салдым. Кейін теледидардағы мүшәйраға қазылық қылған тұстарымда, одан соң да әлгі сөзімді асығыс

айтсам да асып айтпағаныма көзім анық жетті» – деп үлкен ағартық бағасын берген екен (5-бет).

Шындығында жүзінен нұры төгілген, жұмбақ күліп, жымылып қана мойылдай қатра мұртын бір сипап қойып жүретін Жұматай ақын арқалы ақын еді. Өлеңдерін жатқа оқып, серілік мінезімен мысқылдай сөйлеп, ақын-дықтың қадірін шынайы жүрегімен сезінетін жан еді.

Зайда жеңешемнің осы жинағындағы мығна бір арнау өлеңі жары Жұматайдың жарқын бейнесін аша түскендей. Оқып көзрелік:

Жұмбақ күліп, жимиған, жұмбақ басың,  
Сұм қара жер қалайша құндақтасын.

Майда самал секілді желпуші едің,

Кісілігің еркекке сымбатқа сын.  
Құлағыңды аш, күй тыңда, шу сағынды,

Көктем келді, кең далаң бусанулы.

Шалбарыңның балағын түріп тастап,

Ары-бері кешсеңші Қусағыңды.  
Кешкі дала, бейуақтың мұңын ұққың,

Тұрағыңа түссінші сұғынып күн.  
Қабіріңе көктемде гүлдесін деп,  
Гүлін ектім сен сүйген шұғынықтың.

Бұл өмірдің беті ары, құны кеміп,

Іштен тынып келемін күңіреніп.  
Бір-ақ сәтке жымисын десең мені,

Басың көтер, балаша жүгірелік.  
Сен кеткелі жүрегім қасаң менің,  
Көктем келіп, қаншы рет жасанды өмір.

Көрі-қыз мұң-қызғаншақ жолапай жүр,  
Дүниенің масанған масаң демін, –

деп (74-бет) жырлайды Зайда ақын. Жасандылығы жоқ, жүректен шыққан шынайы өлең.

Ақынның «Зайда – ғұмыр» жыр кітабы сүйікті жары Жұматай ақынның қадыр – қасиетін, жүріс-тұрысын, ақындық парасаты мен пайымдауын айқындайтын және онымен сырласа отырып жүреkteгі мұңы мен зарын, махаббаты мен сағынышын жасырмай ақтарып салған тамаша жинақ.

Келесі бір қолыма тиген кітап – Қалжытай Ілиясұлының «Таңдамалы шығармалары. 1-том». (Нұр-Астана) баспасы 2008 ж.).

Қажытай ағаның осы жинағын оқып отырып, ақын Жұматай досына арнаған үш бірдей өлеңіне көзім түсті. Олар: «Жұматай жолы», «Жұматай жөні», «Жұматай жерошағы» деп аталады.

Қажытай Ілиясұлы кезінде Жұматай Жақыпбаевпен ете-ете араласып, қасында бірте-бірте жүріп, достықтарына сызат түсірмеген азат еді. Оны Қажытай ағамыздың өз аузынан талай естіген сәттеріміз де есімізде. Досына арнаған «Жұматай жөні» өлеңіне кезек берейік.

Алты атасы оқалы күпіні киген,  
Ділмәр тумай, кім туар тұқымы біден?!

Қайын-жұртқа күн сайын аттандардай,  
Мұртын басып, қозғалмақ, күтініп үйден.

Тарихқа бойлап, бітпейтін бітімі мимен,  
Сауыпты ойлап, Сардақ пен Мұқылы киген.

Елдікті ойлап ежелгі, телміре қалса,  
Езуінен шылымның тұқылы күйген.

Қасіреттің шыққан соң, түтіні күймен,  
Елестейтін сергітіп, үкілі жүрен.

Жұматайдай жоғары болғың келсе,  
Батыстан бұрын, бақасқа түкіріп үйрен, – (301-бет) деп Қажытай досын еспеттей жырлайды. Көз алдыға Жұматай

ақынның бет-бейнесін жүрек сүзгісінен өткізіп әкеледі де, әсерлі де әсем тілмен әдіпті өрнектейді. Бұл да марқұм Қажытай ақынның шеберлігі.

Кезінде Жұматай ақын маңайына жас талаттарды көп жиған. Солардың басын қотсып «Жұматай қағанатын» құрған. Олардың мақсаты біреу-ақ еді. Жас таланттардың көзін ашып, елге таныту болатын. Ақынның асыл қасиеттерін одан әрі дамытып, бойларына сіңіру болатұғын. Әрине, олардың қатарында бүгінде талаттармен танылған ақын нояндары Есенғали Раушанов, Есенқұл Жақыпбеков (марқұм), Қайрат Әлімбаев (Марқұм) Мейірхан Ақдәулетов, Бауржан Жақып, Байбота Серікбаев, Гүлнәр Салықбай, Ұезхан Қодар, Әбубәкір Қайран, Әділғазы Қайырбеков, Темірғали Көпбаевтардың болғаны рас. Олардың дені ақын ағалары Жұматай жайлы арнау жырлары мен естеліктерін күні бүгінге дейін айтып та, жазып та келеді. Соның бірі талатты ақын інісі Серік Ақсұңқарұлының «Адам Ата – Науа Ана» («Қазақстан» баспасы 2000 ж.) атты рухты кітабы. Бұл жинақта «Ақын Жұматай Жақыпбаев» атты монографиялық жыр-хамсасын айту парыз. Жыр бес өлеңнен тұрады. Соның ішіндегі «Бесінші өлеңінде» ақын Серік інісі былайша толғанады:

Бауырым, келші...  
Кенежиренмен шабайық.

Сен жақта не бар,  
Мен жақта не бар, санайық.

Арғымақпенен кетейік шауып,  
алға асып,  
адамдар қалсын,  
замандар қалсын шаң басып.

Мен жақта Күн бар,  
Сен жақта Түн бар, –

арбасып, –  
кезек пен кезек тұрады – дейді,  
алмасып.

Дүние – кезек.  
Дүбірлеп жатыр тасқында.

Қай жақта қалдым қара түнектен қаштым да?  
Сен жақта не бар?

Мен жақта Күн бар – нас тұлға,  
Жарық пен түнек арбасып жатыр астында... – деп (321-бет) философиялық ой түйеді. (Өлең қысқартылып алынды). Жұматай ақынның өшпес рухын осылайша асқақтатады.

Енді бірде танымал журналист-ақын Төреғали Төшенов «Сана мен саясат» атты («Таңбалы» баспасы 2011 ж.) кітабында «Мен көрген Жұматай» деген мақаласында: «Менің ғажайып ақын Жұматай Жақыпбаевты алғаш көруім – 1983 жыл. ҚазПИ-дің филология факультетінің 1 курс студентімін. Студент ақындардың «Аудитория» деген топтамасы тасқа батсылатын болып, бір топ өзім құралпылас жігіттермен бірге шимайша ташпағымды «Жалын» баспасына өткізуге барғанмын», – деп бастапты мақаласын. Одан әрі Төреғали ақын ағасымен екі-үш рет кездесіп, сол кездесудегі Жұматай ақынның айтқан өзін әңгімесі мен сөздерін еске түсіреді. Бұл да болса ақын Жұматайға деген інілік ілтипат пен ізгіліктің айқын нышаны десе артық айтпағанымыз болар.

Жалпы кезінде алдыңғы толқын ағалары Қуандық Шаңғытбаев, Олжас Сүлейменов, Өтежан Нұрғалиев, Асқар Сүтлейменов, өзіне қамтұрлық жасаған Тұманбай Молдағалиев және т.б. аға ақындарымыз Жұматайдың жырлары мен таллантына өте жоғары баға берген. Қазір де оның есімін асқақтата естеліктер айтып, арнау жырлар жазғандар қатары көптеп саналады. Олардың қатарында Нұрғали Нұралдин, Темірхан Медетбек, Ұлықбек Есдәулет, Ғалым Жайлыбай, Исраил Сапарбай, Ибрагим Исаяев, Жүрсін Ерман және т.б. бар. Тіптен кейінгі кезде көзін көрмеген жас толқын інілерінің өзі ақын рухына қаншама жырларын арнады. Онымен қоймай Жұматай ақынның шығармашылығы жайлы кандидаттық диссертациялар да қорғалған көрінеді. Олардың есімдерін шағын мақаламызда атап жатуды жөн көрмедік.

Ақын рухына арналған

мақаламды аяқталу сәтін ақынның жары Зайда Елғодинованың «Махаббат пен мұң» атты («Жазушы» баспасы 2003 ж.) қиял-ғажайып хикаяттар кітабімен түйіндеуді жөн санадым. Өйткені Зайданың Жұматай ақынның өшпес рухын асқақтата бікке көтерген төл-тума-ларына кемеңгер жазушы Әбіш Кекілбаев өділ бағасын бергені бар-шаңызға аян.

Хикаят былай басталады: «Күн сөңді. Бар әлемді қараңғылық басты. Сенің жартқыраған көзің енді ешқашан да күннің нұрын көрмейді. Сенің жұмсақ алаңаның менің шашымнан сипамайды. Мені сен енді ешқашан да «Зейде» деп еркелетпейсің. Жүрегім қасіреттен қақ айырылып, қатралы топқа мағанасыз қарап отырдым. Кенет менің көзім сен жатқан қып-қызыл табытқа түсті. Маңдайың айдай жарқырап, сен ұйықтап жаттың. – Қош, – дедім ішімнен. – Қош, қатты айтқан жерім болса, кешір, – дедім.

– Сен де мені кешір, – дедің сен менің дәл қасымда тұрып. Мен шошып кеттім. Үстіңде көк жейдең, қара шалбарың, сол баяғы мейірімді қалпың – жымиып тұрдың...».

Хикаяттың енді бір жерінде: «...Ұлы ақындар әлемінің төресі Жұматай ақын (Жұмағұл – Шора), мен саған сәлем беруге келдім. Мен бұл күнде шау тартқан, шартшаған адаммын. Ақындық қазір күллі әлемдегі тәрізді біздің елде де «модыдан» қалған...»

Сенің шаршаған, қажыған жүрегің 1990-шы жылдың қыркүйегінің 16-шы жұлдызында, кешкі сағат төрттен қырық бес минут өткенде тоқтады. Содан бері қанша жыл өтті. Сенің асыл ағзаң, тәнің топыраққа айналды. Ал жаның күллі әлемді кезіп, ұшып жүр. Рухың асқақтап ақша бұлтты кешіп, бізге биіктеп қарайсың! Сосын аппақ қана нәзік періште бейнесінде де, көгілдір қатнатты көбелек бейнесінде де көктем шыға маған келесің...», – деп жалғасып кете береді. Шындығында ақын рухымен осылайша тілдесіп, осылайша зар мен мұңын шағады. Тек бұл кітапты оқу керек. Сонда ғана адам жатның ашылған сырларын жан дүниенің бұен ұғынарыңыз сөзсіз.

Әрине, тарланбоз талант иесі Жұматай Жақыпбаев жарық жұлдыздай жарқ етіп өмірден ерте кетті. Бірақ артына тамаша жырларын қалдырды. Алдағы жылы ақын Жұматай Жақыпбаевтың туғанына 70 жыл толады. Ел болып, жыр сүйер қауым болып ойдағыдай атап өту біздің парызымыз.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Жазушы» баспасынан Жұматай Жақыпбаев туралы қомақты естеліктер жинағы жарық көрініп болған. Құрастырушысы Байбота Серікбаев біраз материалдарды жинақтап, суреттерімен шығаратын болып еді. Сол кітаптың жарық көрмей қалды. Оған қаржы жағы себеп болды ма, білмедім. Қазақстан Жазушылар одағы сол кітаптың шығуына қол үшін берсе, ақын рухы бір аунап қалар еді-ау!..

Тағы бір өкініштісі ақынның туған ауылы Алматы облысы, Ескелді ауданының Жетісу ауылындағы балалық шағы мен есейген шағының күзгері болатын қарашаңғырақтынып тыптып етіп құлтығып тастауы. Үйдің орнына бағзы біреулер бақша есіп тастаған. Кезінде мен осы мәселе жайлы «Қазақ әдебиеті» газетінде мәселе етіп көтерген едім. Ешкім селтете қоймады. Амақ қанша?!

Шағын мақаламыздың бар мақсаты – ақын рухын аспандату болатын. Жұматай Жақыпбаев сияқты тарланбоз таланттардың рухына бас иіп, шығармаларын болашақ ұрпаққа үлгі ете жүрсек, ертеңіміз нұрлана түсер еді...

Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ, ақын



# ЖАРҚ ЕТЕ ТҮСКЕН ЖАСЫН ҒҰМЫР

Әлемге ғашық болу, құмарту-қазақтың қанында бар дүние. Мен де кішкентайымнан әлемге ғашық, сұлулыққа ғашық, әсем нақышпен өрнектелген қанық бояулы жырларға ғашық қызбын. Көптеген ақын өлеңдерін жатқа білемін, сүйіп оқимын. Сондай сүйікті ақындарымның бірі өзімнің жерлесім- Жұматай Жақыпбаев.

Қалмаймын деп күй көшіп ем. Мына өмір көшінен.

Жастай зерек ғажайып күй келіп ем. Жан адамнан жасқанбай нәм жасымай,

Құнанбаев Оспан құсап өсіп ем,- деген өлең жолдарын қызыға оқып, ақынның өткір де қайратты өр мінезімен таныстым. Ақын еліктеген Құнанбаев Оспан деген кім, қандай адам болды екен деп іздене жүріп, ұлы ақын Абайдың ерке інісі екенін білдім, «Абай жолымен» таныстым.

Өзінің ойлы өлеңдерімен-ақ Жұматай аға мені М. Әуезовтың атақты қаламгердің «Абай жолымен» таныстырып кетті.

Жұматай Жақыпбаев- сөз патшасына шынайы берілген ақын.

Менің жаным мейірімге құмар тым, Достарымкөпшалқаркөңіл, сайыңу нЖезшығатынжерденшыққанбірсұлт ан

Жымымысын жиямын деп байыдым. Биік әнді сүйе алмайды өзге ерін, Мұндай бақты тұра алады кім ұстап?

Мен бір гүлдің гауһар мінез сөздерін Жүрегіме құйып жүрмін уыстап деген -деген өлең жолдарын тебіренбей, сезінбей оқу мүмкін емес. Жаңа ғана өр мінезін танытқан ақынның тағы да бір шынайы бейнесін енді көреміз. Ол өте мейірімді, өте сезімтал, дүниедегі бар жақсылықты жүрегіне жиып, көңіліне түйіп жүретін адам екен.

Ақынның сан түрлі құбылған көңіл күйлері мен өлеңдерінен сеземін, қызықтап оқимын.

Ауылда өскен ерке мінезді ақын туған жерінен алшақтай да алмайды. Алдынан сөре, артынан қиқу таялса,Бұзауітс қамшы бұтынан шақса шаянша, Құлажирен ат құйқылжып шығып баянша, Құла бір дөңнен құйқылжыр еді қоянша...

Керемет өлең жолдары, Ә?!  
Соңғы үш тармағын қайта-қайта

оқып мәз боламын. Нағыз өмірдің өз суреті ғой! Көз алдыма құлажиреннің сол сәттегі қимылдары келіп еріксіз күлемін.

Жұмыртқаның сарысындай Ай өні, Ажыраған әуелдегі ағынан. Сарноқайға кеш түскенде баяғы, Жұмыр белді жұмағымды сағынам, -деп туған жеріне де деген сағынышын өзгеше жеткізеді ақын. Ақынның қай өлеңін оқысам да, нәзік те сырлысезім, әсем нақышпен өрнектелген қанық бояулы жырларға тап боламын. Сондықтан да Жұматай Жақыпбаев ағамыздың өлеңдері жан-ныма өте жақын.

Қанша жерге ұзартсам да көлемін, Жетпес саған ешбір менің өлеңім. Абайсызда газет-журналжыртылар, Сорымды да мен осыданкөремін,- дептіақың.

Жоқ, сіздің өлеңдеріңіз поэзияқұмар біз сияқты жастар тұрғанда, артыңызда ұрпақтарыңыз тұрғанда еш жыртылмайды, өлмейді. Сіз нағыз өміршең ақынсыз, аға! Себебі, ақын дегеніміз - әрбір ұлттың ең қымбат тұлғасыҚымбатдүниегеқиянатжасала ма, аға?!

**Ақбота ИМАҒЗАНҚЫЗЫ,  
Титов атындағы орта мектептің 7-сынып оқушысы  
Жетісу облысы Ескелді ауданы**

# БҮГІН ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР АҚЫНЫ ЖҰМАТАЙ ЖАҚЫПБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ!

**Махаббат сезімі мен табиғат бояуын келістіре жырлаған қазақтың біртуар ақыныЖұматай Сағадидұлы Жақыпбаев 1945 жылдың 30 қаңтарында Алматы облысы, Талдықорған ауданындағы Ешкөлмес ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын кітапхана меңгерушісі болып бастаған. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде, облыстық радиоға және «Жалын» поэзия бөлімінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды.**

Жұматай ақынды қазір білмейтін қазақ жоқ. Оған зерттеулер де арналып жатыр, кітаптары да бірнеше мәрте шықты, тіпті, «Жұматай – жыр қағаны» атты республикалық жыр мүшәйрасы өтсе, өзіміздің Ескелді ауданы, Сырымбет ауылындағы, Жұматай Жақыпбаев аты берілген мектепте жыл сайын ауданымыздың мектеп оқушылар арасында «Жұматай оқулары» ұйымдастырылуда. Мен де биылғы оқу жылында оқуға қатысамын. Оқуға қатысар алдында ақынның кітаптарын қолыма алып, оқып шықтым.Ақынның бүгінде қолымызда бары үш-ақ кітабы.Көзі тірісінде «Саратан», «Ләйлә», «Шұғының гүл төркіні» деген үш жинағы жарық көрді. Кейін ол дүниеден өткен соң «Көктемгі хаттар», «Ләйлә», «Кенежирен» деген жыр жинақтары әртүрлі баспалардан шықты.Жұматай ақын том-том қылып көп өлең жазған жоқ. Бірақ аз жазса да саз жазды, кейінгі ұрпақ тұшынып оқитындай керемет мұра қалдырды. Қысқа ғұмырының соңына дейін Өлеңге – өзінің мәңгілік махаббатына адал болды, бүкіл өмірін шығармашылыққа арнады. Өмірін өлеңге арнамаса қаламынан керемет, өлмес жырлар тумас та еді. Ақын туындыларының бір ерекшелігі – онда бірнеше өмірлік мәселелер, яғни түрлі тақырыптар қатар көрініс табады. Атап айтсақ, туған жер, өмірбаяндық,өнер, тарих, махаббат, әлеуметтік тақырыптарда жазылған өлеңдер. Ақын өлеңдерінде ерекше орын алған тақырыптың бірі-туған жер. Қазақ даласының көркемдігімен көз тартар



сұлу өлкесінің бірі ақын туған Сарноқай тауының етегіндегі ауыл қаламгердің эстетикалық идеясына айналған. Автор өзінің бүкіл адами болмысының, ақындығының тамырын туған жерден алған етіп көрсетеді.

Жан досым, қадірін аз ұқтың,  
Туған жер – киелі гүлді аймақ.  
Сол мені жасымнан нәзік қып,  
Өлеңге кетіпті ыңғайлап, - дейді қаламгер.

Ақын Жұматай Жақыпбаев «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, бір бойына бірнеше өнер қонған дарынды азамат болған. Оны замандастары мықты боксшы, күйші, атбегі, көкбаршы ретінде біледі.

Жұматай ақын көзі тірісінде-ақ замандастарының, аға буынның ерекше құрметіне ие болған. Ол итальян ақыны Ф.Петрарканың Лаурасы сынды қазақ өлеңіне музасы «Ләйләні» ескерткіш қып қалдырған. Ғұмыр бойы Ләйләні жырға қосқан ақынның туғанына быыл дәл осы айда 79 жыл толып отыр. Амандық болса келесі жыл ақынның мерейтойы! Ақынның жырларын сүйсінсе оқитын оқырманы барда, мәңгілік жасай бермек!

**Аруна ЖОЛДЫБАЕВА  
Ескелді ауданы  
Қаратал орта мектебінің  
9 «А» сынып оқушысы**

# ЖЫР ҚАҒАНЫ - ЖҰМАТАЙ

Өмірді де, өлеңді де құлай сүйген Жұматай –сезімді жырлайтын. лирик ақын. Жүрегінен шашыраған жыр ұшқындары әр кеудеде от болып маздайды. Оның поэзиясы – туған жерінің табиғатымен, ағайын-жұртымен, барлық жастағы адамдармен үнсіз сырласады.

Жұматай Жақыпбаев (1945—1990) - Алматы облысы, Талдықорған ауданындағы Ешкөлмес ауылында туған.Жұматайдың азан шақырып қойылған есімі – Жұмағұл-Шора. Бұл туралы өзі бір жырында айтады.

Ақын 1961 жылы Ескелді ауданындағы Жетісу орта мектебін бітірген. Жұматай Жақыпбаев «Жігітке жеті өнер де аз» -дегендей, бір бойына бірнеше өнер қонған дарынды азамат болған. Оны замандастары ақындығымен қоса мықты боксшы, күйші, атбегі, көкпаршы ретінде біледі.

Ақын туралы жары, ақын Зайда Елғондинованың мынадай естеліктерін оқыдым.

«Жүмекең спортпен айналысатын. Талдықорғанда тұрғанымызда қыстыгүні қармен жалаңаяқ жүретін. Көктем келе суық сумен шомылатын. Денсаулығы өте күшті болатын. Тамақты та талғап жеуші еді.

Жұматайдың өлең жазғанының өзі ерекше болатын. Екі-үш күн бұрын дайындалып, қаламын ұштап, даярлап қоятын. Мен көз келген қағазға сары болса да жаза берем. Ал ол болса тек қана ақ қағазға жазатын. Ерте ұйықтайтын. Таң ерте атып келе жатқанда, құстардың даусы-

нан оянып, сұңқылдатып домбырасын шертіп отыратын. Домбырасын шертіп, өзін-өзі баптай бастағанынан-ақ, өлең туа бастағанын сезем. Күй де шығаратын. «Ләйлә келген», «Заида көрген», «Қажытай», «Жұматай» сияқты төрт күйі ғана есімде қалыпты. Жүмекең шертеп күйдің шебері еді. Бірақ, күйлерінің барлығы насихаттаусыз қалды. Қазіргі уақытта Жұматайдың кейбір күйлерін күйші Сәкен Тұрысбековтың орындауында тыңдауға болады.

Жырды жақсы айтатын. Таң ата ерте оянып, Тоқтағұлдың жырларын, ақын-жыраулардың өлеңдерін жырлайтын. Ақынболса да, математиканыжақсыбілетін. Орысша, французша таза сөйлейтін. Еңбек жолын ауылда кітапханашы қызметінен бастаған.Кітапханашыболыпжүріп, бүкілкітаптыоқыптауысыпты. Оданқалған босуақытынатбаптауменайналысыпты. ЖүмекеңніңКенежирендегенатыболған.Жайлауғашығып, жиренінбаптап, талайбәйгегекөсіп, солбәйгелерденталайсыйлықтар да алыпты. Бұл естеліктен ақынның сан қырлы дарынын, мінез ерекшелігін көруге болады.

Жұматай Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде, облыстық радиоға және «Жалын» альманахында поэзия бөлімінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды.

Ақынның көзі тірісінде «Саратан», «Ләйлә», «Шұғының гүл төркіні» деген үш жинағы жарық көрді. Кейін ол дүниеден өткен соң «Көктемгі хаттар», «Ләйлә», «Кенежирен» деген жыр жинақтары әртүрлі баспалардан

шықты.

Бүгінгі заманның махаббат лирикасын сұлу әуенмен нақышына келтіріп жазған ақындардың бірі — Жұматай Жақыпбаев.Жұматайдың ғұмыр бойы жырлап өткен музасы -Ләйла атты сұлу қыз болған екен. Ақынның Ләйлаға арналған көптеген өлеңдері бар.

Ақын өзінен кейінгі жастарға үлгі болып, аға ретінде қамқорлық көрсеткен. Соңынан ерген жас ақындардан «Жұматайдың қағанаты» атанып кеткен қағанат құрған. Оның мақсаты-поэзияны ұлықтау болған. Қағанат мүшелері жоспарлы түрде кездесіп тұрған. Ондай кездесулерде ақындар өлеңдерін оқып, талқылаулар жасаған екен.

Өмірде жасындай жарқылдап өтіп, артында өшпес мұра қалдырған ақынның есімі ұмытылмайды. Болашақ жастарға өзінің жалынды жырларымен, ерекше тұлғасымен үлгі болары сөзсіз.

Қазіргі уақытта Ескелді ауданы Сырымбет ауылындағы орта мектепке Жұматай Жақыпбаев есімі берілген. Мен өзімнің туған жерімнен шыққан осындай ақынды мақтан тұтамын. Жырларын сүйсініп оқимын.

Қорыта келгенде,Жұматай (Жұмағұл –Шора) Сағадидұлы Жақыпбаев - қазақ өлеңінің төрінде ерекше орны бар аса дарынды тұлға.

**Дидар ӘБИБІЛЛӘ,  
Ескелді ауданы  
Теректі ауылы  
Мичурин атындағы негізгі  
орта мектептің  
9- сынып оқушысы**

# ЖҰМАТАЙ ЖАҚЫПБАЕВ



шексіз даланы неше алуан шөп басып, үлбіреген нәп - нәзік гүлдер бейне жасыл дастархандай боп жайылған табиғаттың сұлулығын бейнелегенін көреміз.

Ақын қазақ өлеңіне нәзік те сыр-баз сезімге,сырлы сөздерге толы,әсем нақышпен өрнектелген қанық боялы жырлар әкеледі.Ақынның қазақ әдебиетіне тайға таңба басқандай етіп қалдырған орны ерекше. Жұматай ақынның қасында жары Зайда Елғондинова,ұлы Дидар және қызы Айкүні бары туралы кейбір деректерде айтылып кеткен.: Кітаптағы ақпараттарға сүйенсек Айкүн 1978 жылдың наурыз айында дүниеге келген. Дүниеден өтер сәтінде де «мына екі қаламымды қызым өскенде соған бер,ал мына үш кітабымды өзің сақта»-деген сөздері де бар.

Адамзат өмірінде кездесетін махаббат хикаясы Жұматайды да айналып өтті. Ол бар өлеңін арнаған аруды өмірінде бар жоғы үзақ рет көрген.Сүйген қызымен қыз жігіт болып қол ұстасып жүрмегенде...Айлы түнде сөйілдеп,сұхбат та құрмаған. Ақын жүрегіне келбеті келісті,шенді сұлу бірден өсер етті. Жұматай Ләйләні алғаш би кешінде көрген екен. Есіктен кіріп келген сұлуға бірден көзі түскен. Ләйлә да келбетті ақынға кетері емес екенін білдіріп,оны биге шақырған.Биге шықпай қойған ақынға Ләйлә орамалын ұсынып шығып кеткен. Осы сәттен кейін Жұматайдың ғашықтық жырлары дүниеге келген. Өлеңдегі музасын талқан ақын сүйіктісін екінші рет Қаз Ту қалашығынан сырттай көрген.Үшінші рет Ләйлә елге оралғанда көрген.

Жұматайдың қаламынан туған дүние аз емес. Бірақ сөз патшасына шынайы берілген жыр періштесі шығармашылық өнерді биік талғамның әділ таразысына тартып,ұлы Абайша өнер шашпақты мұрат тұтты.Отыз кітабы жарық көрсе де,отбасы ошақ қасынан алысқа аты беймәлім қалам иелеріндей емес қаламгер осы жыр жинақтарымен - ақ қазақ поэзиясына жаңа серпіні,өзгеше өрнек,сапа алып келді.

**Ерқанат ӘСЕТҰЛЫ,  
Ж.Жақыпбаев орта мектебі  
9 «А» сынып оқушысы**

# ЖҰМАТАЙ ЖАҚЫПБАЕВ - ТАРЛАНБОЗ ТАЛАНТ!

Жұматай Жақыпбаев - қазақ өлеңдерінің дамуына үлесін қосып, ерекше нақышты өрнек қалдырған тума талант иесі. Ол 1945 жылы Ескелді ауданы, Ешкөлмес ауылында дүниеге келген. Жастайынан білімге, шығармашылыққа қызығып өскен Жұматай ақын 1961 жылы Ескелді ауданындағы Жетісу орта мектебін бітірген. Білім жолын ары қарай жоғары оқу орнында жалғастырып, газет-журналдарда қызмет істеген.

Жұматай Жақыпбаевтың өмір жолы мен артына қалдырған шығармашылығы бүгінгі күні өшпес мұраға айналған ерекше шамшырақ іспетті. Өз шығармашылығында үлгі енеге мен ерекше ыстық сезімді арқау ете отырып жазған әр туындысы бөлек әңгіме. Өйткені, Жұматай поэзиясының көркемдік негізін байқап, оған орынды баға бере білген Ибраһим Исаев «Сырқат

жүректі сауықтыратын, жырлар» деп атап өткен. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, аз ғана ғұмырын өлең жырға арнап, саналы да сара жолмен жүріп өтіп, халқының ризашылығына бөлене білген Жұматай расында да қазақ поэзиясында орны бөлек тұлға.

«Адамнан асқақтық көшкенде, Адамдық қалмайды жұрттында» деп жырлаған Жұматай әр өлеңінде белгілі бір мақсатты негізге ала отырып, ішкі жан дүниесімен байланыстырып, адамдықты өлеңдеріне арқау еткен. Ақынның поэзияға деген шынайы махаббатын, оның айналасына нұр болып, жастарға үлгі болып жасаған әрекетінен байқауға болады.

Мәселен, «Жұматайдың қағаны» атанып кеткен қағанатқа Жұматай Жақыпбаев әр адамға ерекше мән беріп, оның поэзияға деген құштарлығына назар аударған. Ондағы мақсат - поэзияны ұлықтап,

оның қасиетін қастерлеу еді.

Жұматай Жақыпбаев - өзінің аз ғана ғұмырын, артқыға мұра етіп қалдырып, поэзия әлемінің толықтана түсуіне үлесін қосқан ерекше тұлға.

Өмірінің әр сәті тұнған өлең, Жұматай Жақыпбаев тұрған емен. Жүректерді қозғаған жыр-өлеңі, Арқау етіп бойыма нұрын себем. поэзия мен өлеңі көп-көсір жыр, Шалмасын мұрасының пернесін кір.

Жұматай атамыздың еңбектері, Қазағымның мерейін тербесін бір.

Әрбір поэзия сүйер қауымның жүрегінен ерекше орын алған ақын туындылары мәңгі есте қалмақ!

**Аяжан СҰЛЕЙ,  
Ескелді ауданы,  
М.Байысов ауылы  
Т.Рүстембеков атындағы  
орта мектебі  
10-сынып оқушысы**



# ЕМБЕРГЕН ЖӘНІБЕК САЯНҰЛЫ - ЖАС АҚЫН



**Біздің Ескелді ауданы Қарабұлақ орта мектебінде ерекше оқушы бар. Денсаулығына байланысты үйде оқытылса да, білімге деген құштарлығы зор. Адам баласын тағдыр қанша сынаса да, талпынысы бар адамның талабы, өмірге деген құштарлығы оны биік белестерге жеткізеді. Поэзияға деген махббатының арқасында Жәнібектің болашаққа деген көзқарасы да ерекше. Өмірдегі өз орнын тапқандай, алдына қойған мақсаты да, армандары да бар дарынды оқушының өлеңдерін оқып, біздің осындай ертеңгі жалғасымыз, ізбасарымыз бар болғанына қуанамыз. Аңсаған армандарына жете берсін деп тілей келе, адам баласының жанын тебіртетін жас ақынның өлең жолдарын жолдап отырмын:**

Сарыноқайдың бөктеріне күз келді,  
Өткен жазым гүл жайнаған қыз ба еді?  
Сарыноқайдың күзіне жыр арнағ  
Мен едім күрең ақын,сыз демі.  
\*\*\*\*\*

Сатирик, ақын, жазушы Қыдыр Байдүйсенов атамбаққа аттанғанда туған ой.  
Ақын өтті әуелеген жыры бар,  
Көкірегінде айта алмаған сыры бар.  
Атамызға арнаған шумақтарда,  
Күрең күздің күркіреген мұңы бар.

Ақын кетті жыры бар әуелеген,  
Жүректерді тербеген әуенімен.  
Тірлігінде өлеңімді оқи алмай,  
Өзіне жыр жолдадым әуеге мен.

\*\*\*\*\*

Таңғы уақыт.  
Басталады күйбелең,  
Жан жоқ шығар күйбелеңге күймеген.  
Бәрі асығыс, бәрінде бір шаруа,  
Қарап тұрып өзге тылсым күйге енем.

Таңғы уақыт.  
Шаруаға бәрі асығыс,  
Алақанда ұстап тұр Анашымыз.  
Жер- Ана тіршілікке қарап жатыр,  
Бәріміз сол Ананың баласымыз.  
\*\*\*\*\*

Атам Ембергенге арнау  
Ерте кеттің өмірден ерте кеттің,  
Мені бірақ жасымда еркелеттің.  
Өткен күнді сезімменен суреттеп,  
Мен сізді жырымда көркем еттім.

Жүректе бір өкініш тұрады,  
Сағынышым кеудеме жыр құяды.  
Ата, неге өмірден ерте кеттің?  
Сіз кеткелі тас қамалым құлады.

\*\*\*\*\*

Іздеп жүріп бақыт таппай қаладан,  
Ауыл жаққа сағынышпен қарағам.  
Қиялымда қолым бұлғап шақырады,  
Туған елім,туған жерім, сары далам.

Ауыл тұрар сағынтып адамдарды,  
Бала күнім ойға оралып мазамды алды.  
Мен кеткенде жыраққа арман қуып,  
Ауыл, сенде әкем мен анам қалды.

\*\*\*\*\*

Шабытым-ау, еркіндік берші маған,  
Мен қалықтап ұшайын, ерші маған.  
Жалғыз қалсам жаныма жайғас,  
шабыт,  
Жырымды оқып, өзіңе шер шығарам.

Шабыт, мені сағынтпай келіп тұршы,  
Жаныма өзің жылулық беріп тұршы.  
Сен барда шумақ-шумақ жыр жазамын,  
Жұмбақтау бір сезімге еліктірші.

Айгүл СЫРЛЫБАЙҚЫЗЫ,  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫН 2024 ЖЫЛҒА ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

№	Ауыл округтарының атауы	Өткізілетін уақыты		Өткізілетін орны	Жауапты адамдар
		Трактор мен тіркемелері	комбайындар		
1	Бактыбай ауылдық округі	19.02.2024ж	29.04.2024 ж	ӨК Ескелді машина жөндеу шеберханасы	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
2	Алдабергенов ауылдық округі	20.02.2024ж	30.04.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі.	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
3	Қарабұлақ ауылдық округі:Шымыр,Байысов,Абай ауылдары.	21.02.2024ж	13.05. 2024ж	ШҚ « Нам Г. Н.» машина жөндеу шеберханасы	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
4	Қарабұлақ ауылдық округі,СС «Хильниченко және К»	22.02.2024ж	14.05.2024ж	СС « Хильниченко және К»	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
5	Төленгүт ауылдық округі	26.02.2024ж	15.05.2024ж	ӨК «Күншығыс» машина жөндеу шеберханасы.	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
6	Жалғызғаш ауылдық округі	27.02.2024ж	16.05.2024ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
7	Сырымбет ауылдық округі	28.02.2024ж.	20.05.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
8	Көкжазық ауылдық округі	29.02.2024ж	21.05.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
9	Қаратал ауылдық округі	04.03.2024ж	22.05.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
10	Қайнарлы ауылдық округі	05.03.2024ж	23.05.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
11	Қоңыр ауылдық округі	06.03.2024ж	27.05.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары
12	Ақын-Сара ауылдық округі	07.03.2024ж	28.05.2024 ж	Ауылдық әкімшілік кеңсесі	а/о –нің жауапты маманы ШҚ –ның басшылары

М.И.ОХАНОВ,  
Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің маманы

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ



« Э л е к т р о н д ы қ үкімет» мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның х а л ы қ а р а л ы қ рейтингтеріне де әсер еткен азаматтар мен бизнес үшін мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі құрал болып табылады. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтер саласы азаматтар қызметінің барлық спектрін қозғайды, осылайша

мемлекеттік қызметтерді алудың жоғары сапасы мен қарапайымдылығын қамтамасыз ету барлық мемлекеттік органдардың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Жыл сайын порталда құжаттарды алу процесін жеңілдететін жаңа қызметтер мен сервистер пайда болады.

Электрондық қызметтерді алуды қамтамасыз ету үшін Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппаратында EGOV өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, оның көмегімен компьютерге немесе Интернетке қол жеткізе алмайтын әрбір азамат электрондық қызметті өз бетінше немесе ауылдық округ әкімі аппараты қызметкерінің көмегімен ала алады. Электрондық үкімет порталы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) немесе бір реттік смс-парольдер (портал арқылы мобильді азаматтар базасында жеке ұялы нөмірлерді тіркеу арқылы), сондай - ақ картридер арқылы-егер жеке куәліктің чипіне ЭЦҚ жазылған болса, мүмкін болады. Электрондық қызметтерді электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы арқылы алуға болады


Азаматтардың мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта алуында қиындықтар туындаған жағдайда, 1414 байланыс орталығына қоңырау шалуға болады, онда консультанттар консультативтік көмек көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық сұрақтар бойынша тілек білдірушілер 8(72836)-28-5-76 – Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты телефондары арқылы хабарласа алады. Электрондық форматта мемлекеттік қызметтерді алыңыз бұл ыңғайлы және жылдам.

Биболова Анар ДАБЫРОВА  
«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы



# 2024 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БАСТАП ОТАНДАСТАРЫМЫЗҒА БЖЗҚ-ДАН БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ МӨЛШЕРІ ҰЛҒАЙДЫ



1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, жиынтығында кемінде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемеде ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - ТКД) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2024 жылы ТКД -43 407 теңге). Осылайша, жыл басынан бері БЖЗҚ-дан берілетін ең төменгі төлем мөлшері 30 384,9 теңгені (70% \* 43 407 теңге) құрады.

Бұдан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайтылып отырады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жүзеге асырылған күндегі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға Қордан бір рет біржолата төленеді (2024 жылы біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері 694 236 теңге = 12 \* 57 853 теңге).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемдері оларға зейнетақы төлемдерін тағайындау сәтінде қолданыста болған әдістеме бойынша есептеледі: жылдық зейнетақы төлемінің сомасы есептеліп, ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінің ең жоғары көрсеткішінен (2024 жылы: 1 735 590 теңге = 30 \* 57 853 теңге) және зейнетақы жинақтары сомасының алушының зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шамадан аспайды.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек сіңірген демалысқа 2018 жылғы 1 қаңтардан кейінгі кезеңде шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан берілетін төлем мөлшері 5% артты.

БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 521 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады.

Төлем әдістемесіне сәйкес, зейнетке шығатын азаматтарға берілетін төлем мөлшері былай есептеледі: төлем алу басталатын бірінші жылда зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесі 6,5% көбейтіліп, 12-ге бөлінеді.

Мерзімсіз уақытқа белгіленген

# МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ 2023 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП: АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОРҒАУҒА МӘМС-ТЕН ҚАНША ҚАРАЖАТ ЖҰМСАЛДЫ



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмекті қаржыландыру бойынша 2023 жылдың қорытындысын шығарды. Осыған бірнеше есеп арналады. Алғашқысы ана мен баланы қорғау саласындағы медициналық қызметтерге қатысты. Қор сарапшыларының есебінше, былтыр МӘМС қаражатынан жүкті әйелдер мен босанған әйелдерге медициналық көмек көрсетуге 169 млрд теңге бағытталған. Орташа есеппен алғанда бір әйелге 433 мың теңгеден келеді. Бұдан бөлек, ЭҚҰ-ның 7 мың ем-шарасын жүзеге асыруға 8,1 млрд теңге бөлінді.

Жүктілікті жүргізу және скринингтер

2023 жылы жүкті әйелдерге дәрігерлердің бақылауымен байланысты 12,2 млн қызмет көрсетілді. Бұл зертханалық және диагностикалық зерттеулер, скринингтер және басқа да қажетті медициналық қызметтер. Осыны қаржыландыруға МӘМС бойынша жалпы 31,2 млрд теңге қарастырылды. Олардың төрттен бір бөлігі іштегі сәбидің ауруларын ерте диагностикалау үшін пренатальды скринингтік қызметтерге бағытталды.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

Фертильді жастағы 35,4 мың әйелге темір тапшылығы анемиясын емдеуге арналған препараттар берілді. Осыған 57 млн теңге жұмсалды. Айта кетерлігі, МӘМС бойынша іштегі сәбидің туа біткен ақауларының алдын алу үшін дәрі-дәрмектерді қаржыландыруға 87 млн теңге қарастырылған.


Бала туу

100,4 млрд теңге акушерлік бейіндегі тәулік бойы және күндізгі стационарларда 636 мың әйелді емдеуге жұмсалды. Олардың жартысына жуығы босану қызметтерін көрсетті. Перинаталдық кезең аурулары бар 79 мың жаңа туған нәрестеге ем қажет болды. Осыған 37,4 млрд теңгеге МӘМС жүйесі есебінен қаржыландырылды.

Жүкті әйелдерге қандай медициналық көмек қажет екендігі туралы толығырақ мына жерден және ҚР акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру Ақушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына қызығасыз. Жүкті әйелдердің патронажы туралы Педиатриялық қызметті ұйымдастыру стандартына қызығасыз болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

# ТЕПЕРЬ ПОСТАНОВКА В ОЧЕРЕДЬ НА СЛУЖЕБНОЕ ЖИЛЬЕ ГРАЖДАНСКОГО ПЕРСОНАЛА ВООРУЖЕННЫХ СИЛ РК ПРОИЗВОДИТСЯ ОНЛАЙН ЧЕРЕЗ ПОРТАЛ EGOV.KZ



Ранее для постановки в очередь на служебное жилье необходимо было обращаться по месту работы, предоставлять перечень документов и подавать заявление. Однако сейчас эта процедура стала доступной онлайн через портал eGov.kz.

Теперь работники Минобороны могут получить данную услугу, минимизировав бюрократическую бумажную волокиту, сократив срок предоставления услуги и исключив риски коррупции. Кроме того, это позволяет сэкономить время, которое ранее требовалось на посещение районных эксплуатационных частей.

Для получения услуги необходимо на портале eGov.kz нажать вкладку «Гражданам» → «Воинский учет и безопасность» → «Воинская служба» выбрать услугу «Постановка на учет нуждающихся в служебном жилье лиц гражданского персонала Вооруженных Сил РК», затем авторизоваться, заполнить все необходимые поля и подписать доступным методом подписания. Услуга предоставляется бесплатно и ответ будет доступен в течение 15 рабочих дней.

Необходимый перечень докумен-

тов:

- 1) Сведения из госреестра о наличии или отсутствии у заявителя и членов его семьи в постоянном пользовании жилья из государственного жилищного фонда в данном населенном пункте.
- 2) Свидетельства о рождении, смерти, заключении брака, разводе, усыновлении, установлении отцовства, смене имени, отчества и фамилии предоставляются при наличии соответствующих документов

Благодаря сотрудничеству Министерства обороны РК, МЦРИАП и АО «НИТ» данная услуга стала доступной для пользователей.

Напомним, что услуга по постановке на очередь предназначена для гражданского персонала Вооруженных Сил РК, включающая в себя гражданских специалистов и сотрудников, которые работают в поддержке и обеспечении деятельности военных структур, но не являются военнослужащими.

Управление по связям с общественностью  
АО «НИТ»  
www.nitec.kz

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Ескельдинского района» сообщает, что в 2024 году на выдачу жилищных сертификатов предусмотрено 10 000 000 тенге. Из них:

1. Педагоги в организациях образования осуществляющие трудовую деятельность в государственных учреждениях и государственных предприятиях, подведомственных акиматам районов (городов) области Жетісу;
2. Медицинские Государственные служащие и работники правоохранительных органов, осуществляющие трудовую деятельность на территории области Жетісу работники в организациях здравоохранения;
3. Государственные служащие и работники правоохранительных органов, осуществляющие трудовую деятельность на территории области Жетісу;
4. Граждане, изъявившие желание участвовать в государственных программах жилищного строительства, соответствующие требованиям ипотечных программ, утвержденной Национальным Банком Республики Казахстан, и (или) государственной программы жилищного строительства, утвержденной Правительством Республики Казахстан, относящихся к социально уязвимым слоям населения, указанных в статье 68 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях».

Для консультации обращаться по адресу: ул. Оразбекова 31 «Сервисный акимат Ескельдинского района» телефон: 872836-3-09-00

Предоставление жилищных сертификатов как социальная помощь в сумме - 7 000 000 тенге.

Бюджетные кредиты для предоставления жилищных сертификатов как социальная поддержка в виде бюджетного кредита в сумме - 3 000 000 тенге.

Размер жилищных сертификатов на покрытие первоначального взноса по области Жетісу составляет 1 500 000 (один миллион пятьсот тысяч) тенге, но не более объема первоначального взноса отдельным категориям граждан для приобретения жилья в собственности с использованием ипотечного жилищного займа, утвержденной Национальным Банком Республики Казахстан, и (или) государственной программ жилищного строительства, утвержденной Правительством Республики Казахстан.

Согласно решению маслихата области Жетісу от 4 сентября 2023 года № 7-44 определен перечень и перечень категорий получателей жилищных сертификатов по области Жетісу решению маслихата право на получение жилищных сертификатов име-



# ХАВАРЛАНДЫРУ/ОБЪЯВЛЕНИЕ

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан по бласти Жетісу (область) от 17.01.2024г. № 05-ОД с вводом в действие с 01.02.2024 года утвержден тариф в размере 10 979,94 тенге/Гкал без учета НДС.

утвержден тариф для ГКП на ПХВ «Карабулакжылу»:

При этом, уровень дифференцированных тарифов в зависимости от наличия/отсутствия общедомовых приборов учета тепловой энергии составил: Уровень тарифа с учетом НДС

1. Население с прибором учета тепловой энергии - 3 635,04 Тенге/Гкал
2. Население без прибора учета тепловой энергии м2 – 185,49 Тенге/Гкал
3. Бюджетные организации с прибором учета тепловой энергии – 31 363,28 Тенге/Гкал
4. Бюджетные организации без прибора учета тепловой энергии – 47 589,02 Тенге/Гкал
5. Прочие потребители с прибором учета тепловой энергии – 7 729,65 Тенге/Гкал
6. Прочие потребители без прибора учета тепловой энергии – 11 891,57 Тенге/Гкал

Администрация ГКП на ПХВ «Карабулакжылу»

\*\*\*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 17.01.2024 жылғы № 05-НҚ бұйрығымен «Қарабулакжылу» ПВХ бойынша ГКП тарифі бекітілді:

Сонымен қатар, үйдің жылу есептегіш құралдарының болуына / болмауына байланысты сараланған тарифтердің деңгейі: ҚҚС қоса есептегендегі тариф деңгейі

1. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар халық тобы - 3 635,04 Тенге/Гкал
2. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ халық тобы м2 - 185,49 Тенге/Гкал
3. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар бюджеттік мекемелер тобы - 31 363,28 Тенге/Гкал
4. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ бюджеттік мекемелер тобы - 47 589,02 Тенге/Гкал
5. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар өзге тұтынушылар тобы - 7 729,65 Тенге/Гкал
6. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ өзге тұтынушылар тобы - 11 891,57 Тенге/Гкал

Ескелді ауданы әкімдігінің ШЖҚ «Қарабулакжылу»МҚК-ны

\*\*\*

Ескелді ауданының пробация есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтардың назарына!

«Ескелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ 2022 жылдың 29 шілде айындағы Ескелді аудандық маслихаттың № 32-110 «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы негізінде пробация есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты жан басына шаққандағы орташа табысы шегінен аспайтын жағдайда 15 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек бекітілгендігін хабарлайды.

Барлық сұрақтар бойынша және өтініш беру үшін «Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не хабарласу қажет, телефон 3-00-62.

\*\*\*

Для сведения граждан, состоящих на учете пробации, освобожденных с мест лишения свободы Ескельдинского района!

ГУ «Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района» сообщает, что на основании Постановления № 32-110 от 29 июля 2022 года Ескельдинского районного маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Ескельдинского района для лиц, состоящих на учете пробации и освобожденных с мест лишения свободы установлена единовременная социальная помощь, в связи с наступлением трудной жизненной ситуации в размере 15 МРП, при условии наличие среднедушевого дохода, не превышающего порога, установленного местными представительными органами в кратном отношении к прожиточному минимуму.

По всем интересующим вопросам и для подачи заявления необходимо обратиться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района», телефон 3-00-62.

«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

\*\*\*

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары!  
Скринингтік тексерулерді уақытылы өтуге шақырамыз!  
Уважаемые жители Ескельдинского района!  
Призываем вас скрининговые осмотры проходить во время!

### УАҚЫТҒЫ

### СКРИНИНГТІК ТЕКСЕРУДЕН ӨТУ -

қауіпті ауруларды болдырмайды

### ПРОФИЛАКТИКА ЗАБОЛЕВАНИЙ -

своевременное прохождение скрининговых осмотров

Скрининг по болезни системы кровообращения - с 18 до 70 лет - 1 раз в 2 года;  
Глаукома - с 18 до 70 лет - 1 раз в 2 года;  
Сахарный диабет - с 18 до 70 лет - 1 раз в 2 года;  
Желудочно-кишечный тракт - с 18 до 70 лет - 1 раз в год;  
Хронические болезни почек - с 18 до 70 лет - 1 раз в год;  
Рак шейки матки - женщины с 30 до 70 лет - 1 раз в 4 года;  
Рак молочной железы - женщины с 40 до 70 лет - 1 раз в 2 года;  
Рак толстой кишки - (мужчины/женщины) - с 50 до 70 лет - 1 раз в 2 года.  
Скрининговое обследование для выявления болезней органов дыхания - с 50 до 70 лет 1 раз год.

Денсаулық - басты байлық!  
Берегите свое здоровье!

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации

предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi\_eli@mail.ru

Меншік иесі:

«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор

Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.

Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабулақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1350 Тираж 1350 Тапсырыс 14 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ

# НАВАРЛАНДЫРУ

Приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий по области Жетісу Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 11.01.2024г. № 03-ОД с вводом в действие с 01.02.2024 года утвержден средний тариф в размере 145,98 тенге/м3 без учета НДС по аулам: Жетісу, Қоныр, Көктобе, Сырымбет, Ақын-Сара, Тамбала, Қоржынбай, Жендік, Екпенді, Бигааш, Жаналық, Жастар, Бектерлі для ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» акимата Ескельдинского района:

Уровень тарифов в зависимости от наличия/отсутствия приборов учета воды составил:

№ п/п	Наименование групп потребителей	Единица измерения	Уровень тарифа без учета НДС
1	Население с прибором учета	Тенге/м3	145,98
2	Население без прибора учета	Тенге/м2	799,23

Администрация ГКП на ПХВ «Ескелдісу құбыры»

## ХАВАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу Комитеті Жетісу облысы бойынша Департаментінің 11.01.2024 ж. № 03-НҚ бұйрығымен 01.02.2024 жылдан бастап қолданысқа енгізіле отырып, ауылдар бойынша ҚҚС есептемегенде 145,98 теңге/м3 мөлшерінде орташа тариф бекітілді: Жетісу, Қоныр, Көктобе, Сырымбет, Ақын-Сара, Тамбала, Қоржынбай, Жендік, Екпенді, Бигааш, Жаналық, Жастар, Бектерлі ауылдар бойынша

Суды есепке алу аспаптарының болуына/болмауына байланысты тарифтер деңгейі:

р/с №	Тұтынушылар топтарының атауы	өлшем бірлігі	ҚҚС қоса есептегендегі тариф деңгейі
1	Суды есепке алу аспабы бар халық	Теңге/м3	145,98
2	Суды есептеу аспабы жоқ халық	Теңге/м2	799,23

Ескелді ауданы әкімдігінің ШЖҚ «Ескелді су құбыры»МҚК-ны

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий по области Жетісу Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 11.01.2024г. № 04-ОД с вводом в действие с 01.02.2024 года утвержден средний тариф в размере 128,75 тенге/м3 без учета НДС по аулам: Өркусак, Тенлик, Кайнарлы, Кокжазык, Елтай, Теректі, М.Баисов, Өтенай, Шымыр, Алдаберенов, Ешкіөлмес для ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» акимата Ескельдинского района:

Уровень тарифов в зависимости от наличия/отсутствия приборов учета воды составил

№ п/п	Наименование групп потребителей	Единица измерения	Уровень тарифа без учета НДС
1	Население с прибором учета воды	Тенге/м3	128,75
2	Население без прибора учета воды	Тенге/м2	704,89

Администрация ГКП на ПХВ «Ескелдісу құбыры»

## ХАВАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу Комитеті Жетісу облысы бойынша Департаментінің 11.01.2024 ж. № 04-НҚ бұйрығымен 01.02.2024 жылдан бастап қолданысқа енгізіле отырып, ауылдар бойынша ҚҚС есептемегенде 128,75 теңге/м3 мөлшерінде орташа тариф бекітілді: Өркусак, Тенлик, Кайнарлы, Кокжазык, Елтай, Теректі, М.Баисов, Өтенай, Шымыр, Алдаберенов, Ешкіөлмес ауылдар бойынша

Суды есепке алу аспаптарының болуына/болмауына байланысты тарифтер деңгейі:

р/с №	Тұтынушылар топтарының атауы	өлшем бірлігі	ҚҚС қоса есептегендегі тариф деңгейі
1	Суды есепке алу аспабы бар халық	Теңге/м3	128,75
2	Суды есептеу аспабы жоқ халық	Теңге/м2	704,89

Ескелді ауданы әкімдігінің ШЖҚ «Ескелді су құбыры»МҚК-ны